

Нидерланд Корольдігінің Сыртқы істер министрі Бернард Рудольф Боттың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 3 мамырдағы N 117-ө
Өкімі

2006 жылғы 3 - 6 мамырда Астана және Алматы қалаларында өтетін Нидерланд Корольдігінің Сыртқы істер министрі Бернард Рудольф Боттың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

ресми делегация мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген
қ а р а ж а т е с е б і н е н қ а р а ж а т б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ
арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Нидерланд Корольдігінің Сыртқы істер министрі Бернард Рудольф Боттың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және одан ұшып
ш ы ғ у ы н ;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Астана және Алматы қалаларының әкімдері ресми делегацияны қарсы алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайларын безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК